

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге

2021 жылғы 14 сәуірде жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Қазақстан ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына ішкі-сыртқы саясаты орнықты, экономикасы қуатты, бірлігі мықты мемлекет ретінде келгелі жатқаны ешқандай талас тудырмайды. Осы жылдар ішінде Қазақ елі жүзі басқа болғанымен жүрегі бір миллиондаған жандардың ортақ Отанына айналды. Бұл үшін ел иесі, жер киесі болып табылатын, қандай қиын жылдарда да жарты нанын сырттан келгендермен бөліп жеген, тағдырдың айдауымен осы жерге жарлы-жақыбай күйде жеткен ұлттарға тар үйінен ығысып орын берген қазақ халқына осы елдегі барша этностар қарыздар.

Солардың бірі – мұнан бір жарым ғасырдай бұрын ұстанған діні үшін қуғынға түсіп, қазақ жерінен пана тапқан дүнгендер. Арып-ашып алыстан келгендерге Қордай өңірінің атақты биі – Ноғайбай би жер бөліп беріп, мыңдаған адамдарды аман алып қалған болатын. Осы уақыт ішінде біздің ата-бабаларымыздың сан ұрпағы тату өмір сүріп келді. Өткен жылғы өкінішті оқиға да дәстүрлі достығымызды бұза алған жоқ. Бұза алуы мүмкін де емес еді. Өйткені, біздің татулығымыздың тамыры тереңде. Оны екі жақтан да жіберілген жекелеген қателіктер үзе алмайды. Өмір бәрін орнына қойып жатыр. Жақында қазақтар мен дүнгендердің ақсақалдары, жастары бас қосып, өткен іске салауат айтты, бірлесіп мыңдаған ағаш көшетін бірге екті. Достық дастаны жалғаса беретін болады. Біз бәріміз болған оқиғадан сабақ алуға тиіспіз. Қордай оқиғасы этносаралық қарым-қатынас ісіне ерекше жауапты қарауды, ортақ үйіміздегі тыныштықты көзіміздің қарашығындай сақтау

керектігін, мемлекетіміздің көпұлтты сипаты біздің артықшылығымыз, басты күшіміз берік достық екенін ескертеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан үшін халықты ел аумағы бойынша біркелкі қоныстандыру, әлеуметтік-экономикалық даму, сондай-ақ солтүстік және орталық өңірлердің азық-түлік белдеуін қамтамасыз ету өте маңызды міндет болып табылады.

Біздің ойымызша, бұл міндетті тиімді шешу үшін мемлекеттік органдардың халық тығыз орналасқан өңірлерден жұмыс қолдары жетпейтін өңірлерге ерікті түрде қоныс аударуды ұйымдастыру жөніндегі жұмысын жақсарту маңызды.

Осы жұмыстың негізгі бөлігі «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде атқарылуға тиісті екендігі де түсінікті.

2020 жылы аталған мемлекеттік бағдарламаға 649 мың адам қатысқан. Олардың 437 мыңы жұмысқа орналасқан, 319 мың адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілген. Ерікті қоныс аударушыларды Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары қабылдауда.

2014 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Серпін» бойынша жыл сайын 5 мың грант берілетіні де құптарлық. Сонымен бірге, біз бұл бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстың көлемі әлі де көңіл көншітпейді деп санаймыз. Резервтер толық іске қосыла қоймағаны анық.

Сонымен қатар, осы бағдарламаны іске асыру мерзімі биылғы жылы аяқталады, алайда шешілмеген мәселелер әлі бар.

Халық тығыз орналасқан оңтүстік облыстардың халқы кәсіби көкөніс өсірушілер болып табылады, сондықтан ерікті қоныс аударуды ұйымдастыру кезінде көкөніс өсіру үшін топырақ-климаттық жағдайларды ескеру маңызды. Атап айтқанда, Қарағанды және Ақмола облыстарындағы тиісті жағдайлар қолда бар технологиямен жылына пияз бен сәбізден, картоптан екі өнім алуға мүмкіндік бере алар еді. Мұндай тәсіл қоныс аударушылардың еңбекпен қамтылуына, азық-түлік бағдарламасының іске асырылуына, солтүстік өңірлер мен біздің елордамызда көкөністер бағасының төмендеуіне ықпал етер еді.

Ерікті қоныс аударушыларды жаңа жерге бейімдеу үшін тағы бір маңызды көмек тұрғын үй мен әлеуметтік инфрақұрылымның болуы болар еді.

Ел Үкіметі жыл сайын қандастар мен көшіп келушілерді қабылдау квотасын бекітетіні белгілі. Биылғы көшіп келушілер квотасы 6039 адам болып белгіленген екен.

Жақында Сіз, құрметті Асқар Ұзақбайұлы, қандастар мәселесіне қатысты депутаттық сауалға толымды жауап қайтардыңыз, атап айтқанда – қандастарды қабылдау квотасы қайта қаралатынын, Көші-қон саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленіп жатқанын хабарладыңыз. Сізден осындай қуанышты хабарды көшіп келушілер квотасына да байланысты күткіміз келеді. Өңірлердің бірдей дамуы, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, этностардың мемлекетте

біркелкі орналасуы, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жақсарту сияқты стратегиялық мәселелерді ойдағыдай шешу үшін елдегі көші-қон және демографиялық процестерді тұрақтандыру ісі Үкіметтің тұрақты бақылауында болатынына сенеміз.

Депутаттық сауалға жауапты тиісті заңда белгіленген мерзімде, жазбаша қайтаруды сұраймыз.

Құрметпен,

**Парламент Мәжілісіне
Қазақстан халқы Ассамблеясынан
сайланған депутаттар**

**І. Бұларов
С. Абдрахманов
А. Амирханян
Н. Дементьева
Ю. Ли
В. Набиев
Ш. Осин
В. Тохтасунов
А. Хамедов**

*Орынд.: А.Байжанова
Тел. 74-67-55*